

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ
11-СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНА
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
НЕГІЗДЕРІ

ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ
ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫСТАР МЕН МАТЕРИАЛДАР

ТАҢДАУ
ПӘНДЕРІ

2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ 11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ТАҢДАУ ПӘНДЕР ТОБЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Аталған спецификация жалпы білім беретін мектептердің 11-сынып оқушыларының мемлекет және құқық негіздері пәні бойынша білім, дағды және құзыреттіліктерін бағалауда қолданылатын тест тапсырмаларының мазмұны, қамту аясы, түрі, формасы, бағалау өлшемдері және өткізу тәртібіне қойылатын талаптарды қамтиды.

I. Жалпы қағидаттар

Бағалау мақсаты – 11-сынып оқушыларының мемлекет және құқық негіздері пәні бойынша білім, дағды және құзыреттіліктерін қолданыстағы оқу бағдарламаларында белгіленген оқу мақсаттары негізінде кешенді бағалау. Аталған бағалау нәтижелері негізінде 11-сыныптар үшін қорытынды мемлекеттік аттестацияда қабылданатын шешімдердің негізді (валидті) болуын қамтамасыз ету мақсатында бағалауда валидтілік, сенімділік, әділдік және ашықтық қағидаттарының сақталуы қамтамасыз етіледі.

II. Нормативтік негіздер

1. Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрінің 2008 жылғы 4 наурыздағы «Жалпы орта білім алушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясы туралы ережені бекіту туралы» №56 бұйрығымен бекітілген, «Жалпы орта білім алушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясы туралы ереже».

2. Мемлекет және құқық негіздері пәнінен 6–11-сыныптарға арналған қолданыстағы оқу бағдарламасы.

3. Өзбекстан Республикасы Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігінің 2026 жыл 16 наурыздағы “2025-2026 оқу жылында жалпы орта білім беру орталықтарында оқушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясын ұйымдастыру және өткізу туралы” 102-сан қаулысы.

III. Бағалау қамту аясы және бөлінген уақыт

Оқушылар үшін мемлекет және құқық негіздері пәні бойынша білім деңгейін анықтауға арналған қорытынды мемлекеттік аттестация сынағында барлығы **20** тест тапсырмасы ұсынылады. Қорытынды мемлекеттік аттестация

сынақтарын өткізу үшін **180** минут уақыт беріледі. Тест тапсырмаларының мазмұндық саласы, бағаланатын білім, дағдылар мен құзыреттіліктер бойынша бөлінісі төмендегі кестелерде көрсетілген:

Мазмұндық сала	Құрастырушылар	Тест саны
Мемлекет және құқық	Жеке тұлға, қоғам және мемлекет арасындағы құқықтық қатынастарды анықтайды және талдайды. Мемлекет пен құқықтың қоғам өміріндегі орны мен рөлін түсінеді. Мемлекет нысандарын жіктейді және олардың негізгі белгілерін анықтайды. Құқықтық қатынастарды талдайды. Құқық бұзушылық түрлерін жіктейді. Жауапкершілікке тарту негіздерін түсіндіреді. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды. Әртүрлі жағдайларда құқық нормаларын дұрыс қолданады.	3
Конституциялық құқық	Конституция нормаларының мәні мен мазмұнын түсінеді және түсіндіреді. Конституциялық нормаларды анықтап, оларды нақты жағдайларға қолданады. Конституция бөлімдері мен тарауларына қатысты нормаларды құқықтық негіздер мен логикалық дәлелдерге сүйене отырып таңдайды. Мемлекеттегі заң үстемдігі қағидатының мәні мен маңызын құқықтық дәлелдермен негіздейді. Конституциялық құқық нормаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдайды.	3
Отбасы құқығы	Отбасы құқығымен реттелетін қатынастарды біледі. Некені қию және оны бұзудың құқықтық негіздері мен себептерін, олардың құқықтық салдарын анықтайды. Отбасындағы баланың құқықтары мен міндеттерін қолданыстағы заң нормалары негізінде талдайды. Алимент түрлерін жіктейді және оларды қолдану шарттарын анықтайды. Отбасылық-құқықтық қатынастарға қатысты әртүрлі жағдайларда құқық нормаларын дұрыс қолданады.	2
Азаматтық құқық	Азаматтық құқық нормаларының мазмұнын және осы сала арқылы реттелетін қоғамдық қатынастарды анықтайды. Мүліктік және мүліктік емес қатынастарды құқықтық өлшемдер негізінде талдайды. Міндеттеме ұғымы мен оның түрлерін ажыратады және олардың құқықтық ерекшеліктерін бағалайды. Тұтынушылар	2

	<p>құқықтарын қолданыстағы заң талаптары негізінде бағалайды. Зияткерлік меншік және мұрагерлік құқыққа қатысты қатынастарды талдайды. Әртүрлі жағдайларда тиісті азаматтық-құқықтық нормаларды негізді қолданады.</p>	
<p>Халықаралық құқық</p>	<p>Мемлекеттер, халықтар және халықаралық ұйымдар қызметіне қатысты мәліметтерді анықтайды. Халықаралық қауымдастықтың қалыптасуын тарихи-құқықтық тұрғыдан талдайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметін анықтайды. Халықаралық құқық пен халықаралық ұйымдар қызметіне қатысты жағдайларда құқықтық мәні бар дұрыс мәліметтерді таңдайды. Өзбекстан Республикасы азаматтығын алу және одан айырылу негіздерін қолданыстағы заңнама аясында талдайды. Өзбекстанның халықаралық қауымдастықтағы қызметін халықаралық-құқықтық өлшемдер негізінде бағалайды.</p>	<p>2</p>
<p>Еңбек құқығы</p>	<p>Еңбек құқығына қатысты нормативтік-құқықтық нормаларды түсінеді және олардың қолданылу аясын анықтайды. Еңбек шартын жасау және бұзу тәртібін, жұмыс уақыты мен демалыс уақыты ұғымдарының мазмұны мен құқықтық маңызын талдайды. Халықты жұмыспен қамту бағытында жүзеге асырылып жатқан шараларды анықтайды, олардың мақсаты мен күтілетін нәтижелерін көрсетеді. Еңбек қатынастарына қатысты әртүрлі жағдайларды құқықтық тұрғыдан бағалайды.</p>	<p>2</p>
<p>Әкімшілік құқық</p>	<p>Әкімшілік құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастардың мазмұны мен ерекшеліктерін түсінеді. Мемлекеттік қызметтерді пайдалану тәртібі мен кезеңдерін, құқықтық талаптарын біледі және тәжірибеде қолданады. Әкімшілік құқық бұзушылықтарды және қолданылатын жазаларды ажыратады. Құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын талдайды. Әртүрлі жағдайларда әкімшілік-құқықтық нормаларды талаптарға сәйкес қолданады.</p>	<p>2</p>
<p>Қылмыстық құқық және криминология</p>	<p>Қылмыстық және қылмыстық-процестік құқыққа қатысты негізгі ұғымдарды анықтайды және талдайды. Қылмыс құрамының элементтерін анықтайды және әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін бағалайды. Қатысушылық және жаза түрлерін жіктейді. Зорлық-зомбылық және оның алдын алу шараларын талдайды. Құқық бұзушылықтың ішкі (субъективтік) және сыртқы (объективтік) жақтарын анықтайды.</p>	<p>2</p>

Экологиялық құқық	Экологиялық құқықтың мәнін, пәнін және мақсатын түсінеді. Экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтайды. Оларды басқа құқық бұзушылықтардан ажыратады.	1
Құқық салалары	Өмірлік жағдайларды құқықтық тұрғыдан талдайды. Құқық бұзушылықтардың ішкі (субъективтік) және сыртқы (объективтік) жақтарын анықтайды. Құқық бұзушылықтардың салдарын нормативтік негізде түсіндіреді және дәлелдерге сүйене отырып қорытынды жасайды.	1
Жалпы		20

IV. Когнитивтік дағдылар бойынша бөлінісі

Когнитивтік деңгей	Түсіндірмесі	Тест саны (дана)
Білу (B)	Білу деңгейіндегі, яғни репродуктивті тапсырмалар оқушыдан оқу материалын қайта өңдемей, жадында сақтап, таныс жағдайларда қолдануды талап етеді. Бұл түрдегі тапсырмалар мыналарды бағалайды: заңдылықтар, қасиеттер, ұғымдар, терминдердің мәні және оларды есте сақтау.	5
Қолдану (Q)	Қолдану деңгейіндегі, яғни продуктивті тапсырмалар оқушыдан меңгерілген заңдар мен заңдылықтарды берілген жағдайға сәйкес тандау, талдау, салыстыру, ұқсату, бірнеше заңдар мен заңдылықтарды бір уақытта қолдану және жалпылау, сондай-ақ қорытынды шығаруды талап етеді.	14
Ой қорыту (M)	Ой қорыту деңгейіндегі, яғни интеллектуалдық тапсырмалар оқушыдан меңгерілген білім мен дағдыларды таныс емес жағдайларда қолдану, талдау, синтездеу, салыстырмалы түрде салыстыру, заңдар мен заңдылықтарды пайдаланып жалпылау және қорытынды шығаруды талап етеді.	1

V. Тапсырма түрлері бойынша бөлінісі

ТАПСЫРМА ТҮРІ	ТҮСІНІКТЕМЕСІ	ТАПСЫРМА САНЫ
Қысқа жауапты ашық тест (O1)	сұраққа қысқа сөйлеммен жауап беруді талап ететін жазбаша тапсырмалар	6 дана
Сәйкестендіру ашық тесті (O2)	сұрақ мазмұнына сәйкес жауаптарды сәйкестендіруді талап ететін жазбаша тапсырмалар	2 дана
Көп таңдаулы	сұрақ мазмұнына сәйкес келетін жауап	

жабық тест (Y1)	нұсқаларының ішінен дұрысын табуды талап ететін жабық тест тапсырмалар	9 дана
Кеңейтілген жауапты ашық тест (O3)	сұраққа толық, жан-жақты жауап жазуды талап ететін жазбаша тапсырмалар.	3 дана

VI. Бағалау критерийлері және балды бағаға айналдыру тәртібі

Оқушылардың жазбаша жұмыстары қорытынды мемлекеттік аттестация сынақтарында ең жоғары 100 баллмен бағаланады. Тапсырмалар үшін белгіленген баллдар олардың күрделілік деңгейін, орындау барысында талап етілетін білім, дағды және логикалық ойлау көлемін ескере отырып белгіленген. Тапсырмалар мазмұны мен қиындық деңгейіне қарай әртүрлі баллмен бағаланады. Әрбір тапсырманың бағалау критерийі бағалау форматында берілген. Төменде балды бағаға айналдыру кестесі келтірілген:

Баллды бағаға айналдыру кестесі

Балл (%)	Баға	Түсіндірмесі
0 – 29	“2”	“қанағаттанарлықсыз”
30 – 65	“3”	“қанағаттанарлық”
66 – 85	“4”	“жақсы”
86 – 100	“5”	“үздік”

VII. Бағалау түрі

Оқушының білім, дағды және құзыреттіліктерін бағалау кезеңі, бағаланатын мазмұн саласы, тапсырма түрі, когнитивтік үдеріс және бағалау критерийлері төмендегі кестеде берілген:

Тапсырма реттік нөмірі	Мазмұн саласы	Тапсырма түрі	Дағды деңгейі	Бағалау өлшемі
1-кезең				
1.	Мемлекет және құқық	Y1	Q	4 балл
2.		Y1	Q	4 балл
3.	Конституциялық құқық	O1	Q	4 балл
4.		O2	Q	4 балл
5.	Отбасы құқығы	O1	B	4 балл
6.		Y1	Q	4 балл

7.	Азаматтық құқық	O1	B	4 балл
8.		O2	Q	4 балл
9.	Халықаралық құқық	O1	B	4 балл
10.		Y1	Q	4 балл
11.	Еңбек құқығы	Y1	Q	4 балл
12.		Y1	Q	4 балл
13.	Әкімшілік құқық	O1	B	4 балл
14.		Y1	Q	4 балл
15.	Қылмыстық құқық және криминология	Y1	Q	4 балл
16.		Y1	Q	4 балл
17.	Экологиялық құқық	O1	B	4 балл
2-кезең				
18.	Мемлекет және құқық	O3	Q	10 балл
19.	Конституциялық құқық	O3	Q	10 балл
20.	Құқық салалары	O3	M	12 балл
Жалпы			100 балл	

VIII. Емтихан тәртібі

Тыйым салынған құралдар: емтихан кезінде ұялы телефон, ақылды сағат (smart watch), планшет немесе жазбаларды (шпаргалка) пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Әдеп және тәртіп: көшіруге, көмек сұрауға немесе көмек беруге, емтихан кезінде сөйлесуге, рұқсатсыз сыртқа шығуға болмайды.

Бақылаушы тәртіп бұзушылықты анықтаған жағдайда, акт түзіп, тыңдаушыны тесттен шеттетеді және оның нәтижесі жойылады.

IX. Ұсынылатын негізгі әдебиеттер

1. O‘zbekiston Respublikasi Konstitutsiyasi Lex.uz.
2. O‘zbekiston davlati va huquqi asoslari 8-sinf darsligi. O.Karimova, N.Ismatova, Sh.Sariqov, O.Amanova. “Huquq va jamiyat”, Toshkent – 2019.
3. Konstitutsiyaviy huquq asoslari 9-sinf darsligi. G.M.Tansikbayeva, V.A.Kostetskiy. “Sharq”, Toshkent – 2019.

4. Davlat va huquq asoslari 10-sinf darsligi. X.Tuychiyeva va boshqalar. Respublika ta'lim markazi, Toshkent – 2023.

5. Davlat va huquq 11-sinf darsligi. A. Sodikov, N.Ismatova, J.Bobojonov. Respublika ta'lim markazi, Toshkent – 2025.

Ескерту: *Мемлекет және құқық негіздері пәні бойынша тапсырмалар нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып құрастырылады. Заң құжаттарына белгіленген тәртіпте өзгерістер енгізілген жағдайда заңның түпнұсқа дереккөзіне жүгініледі (Өзбекстан Республикасы заңнамалық мәліметтерінің ұлттық базасы – Lex.uz сайты).*

1-сұрақтар базасы

1. (Q-4 балл) Төменде мемлекет ұғымына қатысты сипаттамалар берілген. Олардың екеуінен басқасының барлығы мемлекет ұғымына жатады. Артық екеуін тап.

1) күрделі әлеуметтік құрылым; 2) мемлекеттермен саяси, экономикалық, мәдени байланыстарды жүзеге асырады; 3) мәжбүрлеу күшіне ие; 4) өз азаматтарының, сондай-ақ аумағында тұратын барлық адамдардың мүдделерін қорғайды; 5) адамдардың әлеуметтік заңдары үстем болған, белгілі түрде қалыптасқан ортақ бірлігі; 6) тәуелсіз саяси ұйым.

Жауап:									
Балл:									

2. (Q-4 балл) Төменде мемлекеттің ішкі функцияларының түрлері берілген. Олардың екеуінен басқасының барлығы мемлекеттің ішкі функциясына жатады. Артық екеуін тап.

1) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету; 2) барлық меншік нысандарындағы мүлікті қорғау; 3) елдің экономикалық саладағы дамуын қамтамасыз ету; 4) тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету; 5) халықтың әлеуметтік қорғалуы, әлеуметтік саланы дамыту; 6) халықаралық экономикалық қызмет; 7) азаматтардың мәдени-ағартушылық кемелдікке жетуі үшін жағдай жасау.

Жауап:									
Балл:									

3. (Q-4 балл) Төменде мемлекеттің монархия басқару нысанының белгілері берілген. Олардың екеуінен басқасының барлығы монархия басқару нысанына жатады. Артық екеуін тап.

1) билік қасиетті және құдайлық деп жарияланады; 2) өз қызметінде тәуелсіз; 3) билік өкілеттіктері бөлінеді; 4) билікті орнату, қабылдаудың ерекше тәртібі бар; 5) биліктің жоғары органдары өз шешімдерін сайланған мерзімі ішінде қабылдайды.

Жауап:									
Балл:									

4. (Q-4 балл) Төмендегілердің ішінен республикалық басқару нысанына ие мемлекеттің негізгі белгілерін тап.

1) биліктің жоғары органдары өз шешімдерін сайланған мерзімі ішінде қабылдайды; 2) өз басқаруының нәтижесі үшін заңдық тұрғыдан жауапты емес; 3) билікті орнату, қабылдаудың ерекше тәртібі бар; 4) әділ сот төрелігін жүзеге асыратын орган – соттардың беделінің артуы; 5) өмір бойы басқару; 6) өз қызметінде тәуелсіз.

Жауап:									
Балл:									

5. (Q-4 балл) Төменде демократиялық тәртіп белгілері берілген, олардың екеуінен басқасының барлығы демократиялық тәртіп белгілеріне жатады. Артықтарын тап.

1) мемлекеттік басқару азшылықтың көпшілікке бағынуы қағидасы негізінде жүзеге асырылады; 2) адам және азамат құқықтары мен бостандықтары танылады; 3) өзгеше пікірлерге қарсы күрес жүргізіледі; 4) әлеуметтік-саяси бірлестіктер көп болады; 5) билік өкілеттіктері бөлінеді; 6) оппозиция жойылады.

Жауап:									
Балл:									

2-сұрақтар базасы

1. (Q-4 балл) Төменде 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұлғалардың ата-анасының **жазбаша келісімінсіз** дербес жүзеге асыруға құқылы әрекеттері берілген. Екі артық нұсқаны тап.

1) өз еңбекақысын, стипендиясын және басқа да табыстарын иелену; 2) жылжымайтын мүлікті сыйға тарту; 3) авторлық құқықтарын жүзеге асыру; 4) заңға сәйкес банктерге депозит және оларды иелену; 5) ұсақ тұрмыстық мәмілелер жасау; 6) банктен несие алу.

Жауап:									
Балл:									

2.(Q-4 балл) Төменде 6 жастан 14 жасқа дейінгі кіші жастағы балалардың **тәуелсіз** түрде жасауға құқылы мәмілелері берілген. Осы мәмілелердегі қателіктерді тап.

1) ұсақ тұрмыстық мәмілелер; 2) тегін пайда алуға бағытталған, нотариалдық куәландыруды немесе мемлекеттік тіркеуді талап етпейтін мәмілелер; 3) өз еңбекақысын, стипендиясын және басқа да табыстарын иелену бойынша жасалған мәмілелер; 4) заңды өкіл немесе оның келісімімен үшінші тұлға белгілі бір мақсатқа немесе еркін иелену үшін берген қаражаттарды иеленуге қатысты мәмілелер; 5) заңға сәйкес банктерге салым салу және оларды иелену үшін жасалған мәмілелер.

Жауап:									
Балл:									

3. (Q-4 балл) Төменде берілген қылмыстардың қайсысына 14 жастан бастап жауапкершілік белгіленбеген.

1) қасақана адам өлтіру; 2) қасақана денеге ауыр зиян келтіру; 3) адам ұрлау; 4) алаяқтық; 5) бопсалау; 6) абайсызда адам өлтіру.

Жауап:									
Балл:									

4. (Q-4 балл) Төменде он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған тұлғаларға тағайындалатын жаза түрлері берілген. Осы жазалардағы қателіктерді тап.

1) айыппұл; 2) міндетті қоғамдық жұмыстар; 3) белгілі бір құқықтан айыру; 4) ахлақ түзеу жұмыстары; 5) бас бостандығын шектеу; 6) ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру; 7) бас бостандығынан айыру.

Жауап:									
Балл:									

5. (Q-4 балл) Төменде отбасы заңнамасында кәмелетке толмағандардың құқықтарына қатысты мәліметтер берілген. Олардың ішінен екі қателікті тап.

1) әрбір бала отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқылы; 2) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін оның ата-анасы, ата-анасы болмаған жағдайда оларды алмастыратын тұлғалар, қорғаншылық және қамқоршылық кеңселері жүзеге асырады; 3) баланың аты мен тегі ата-анасының бірлескен өтініші бойынша бала 18 жасқа толғанға дейін оның мүдделерін ескере отырып өзгертілуі мүмкін; 4) балаға есім ата-анасының келісімі бойынша, әкесінің аты – әкесінің есіміне қарай беріледі; 5) ата-ана тірі кезінде балалар олардың мүлкіне қатысты меншік иесі болуға құқылы.

Жауап:									
Балл:									

3-сұрақтар базасы

1.(Q-4 балл) Әлеуметтік желілерде А.-ның рұқсатынсыз оның жеке өмірі мен отбасылық қатынастарына қатысты мәліметтер мен суреттерін әріптесі таратты. Нәтижесінде А.-ның абыройына нұқсан келді. Бұл жағдайда А.-ның қандай конституциялық құқығы мен бостандығына зиян келтірілгенін анықта.

- 1) жеке құқықтары
- 2) экономикалық құқықтары
- 3) саяси құқықтары
- 4) мәдени құқықтары

Жауап: _____

2.(Q-4 балл) Азамат Т. заңды түрде Өзбекстан Республикасы аумағында тұрып жатыр. Ол жұмыс бабына байланысты басқа облысқа көшіп барғысы келеді, алайда жергілікті органдар ешқандай заңды негізсіз бұған кедергі келтіруде. Бұл жағдайда азамат Т.-ның бұзылған конституциялық құқығы мен бостандығын анықта.

- 1) әлеуметтік-экономикалық құқығы
- 2) саяси құқығы
- 3) еңбек ету құқығы
- 4) жеке құқығы

Жауап: _____

3.(Q- 4 балл) Таулы аймақта тұратын азамат Ф. интернет желісін пайдалана алмағандықтан онлайн білім алу және мемлекеттік қызметтерді пайдалану барысында қиындыққа тап болды.

Бұл жағдайда азамат Ф.-ның қандай конституциялық құқығы мен бостандығына зиян келгенін анықта.

- 1) жеке құқығы
- 2) экономикалық құқығы
- 3) саяси құқығы
- 4) мәдени құқығы

Жауап: _____

4. (Q- 4 балл) Азамат Б. мемлекеттік органдағы бос жұмыс орнына құжат тапсырды. Ол барлық талаптар мен өлшемдерге сай болғанына қарамастан, оның өтініші әлеуметтік шығу тегіне байланысты қабылданбады.

Осы жағдайда Б.-ның қандай конституциялық құқығы бұзылған?

- 1) жеке құқығы
- 2) саяси құқығы
- 3) экономикалық құқығы
- 4) мәдени құқығы

Жауап: _____

5. (Q- 4 балл) Обод макон махалласында тұратын азаматтар ауызсу мәселесін шешу мақсатында махалла азаматтар жиналысына бірлесіп жазбаша өтініш жолдады. Алайда махалла төрағасы бұл мәселе оның өкілеттігіне кірмейтінін айтып, өтінішті қабылдаудан бас тартты.

Осы жағдайда азаматтардың қандай конституциялық құқықтарына зиян келтірілгенін анықта.

- 1) жеке құқықтары
- 2) экономикалық құқықтары
- 3) саяси құқықтары
- 4) мәдени құқықтары

Жауап: _____

4-сұрақтар базасы

1. (Q-4 балл) Азаматтардың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарының арасындағы сәйкестікті анықта: бірінші бағанда берілген құқықтарды екінші бағандағы құқықтармен түріне қарай сәйкестендір. Әрқайсысына бірнеше жауап сәйкес келуі мүмкін.

1) ойлау, сөз және сенім бостандығы;	a) өмір сүру құқығы;
2) еңбек ету құқығы.	b) адамның құқықтары мен бостандықтарын, арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
	c) мемлекеттік қызметке кіруде тең құқықтылық;
	d) кәсіби даярлығын арттыру;
	e) заң көмегін алу құқығы;
	f) жұмыссыздықтан қорғалуы.

Жауап:

1		2	
Балл:			

2. (Q-4 балл) Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының арасындағы сәйкестікті анықта: бірінші бағанда берілген құқықтарды екінші бағандағы құқықтармен түріне қарай сәйкестендір. Әрқайсысына бірнеше жауап сәйкес келуі мүмкін.

1) бостандық және жеке басына қол сұғылмаушылық құқығы;	a) қоғамдық бірлестіктерге мүше болу;
2) саяси партияларға мүше болу.	b) кінәсіздік презумпциясы;
	c) ақпаратты іздеу, алу және тарату құқығы;
	d) қоғам және мемлекет істерін басқаруға тікелей қатысу;
	e) еңбек ету құқығы;
	f) тұрғын үйге ие болу құқығы.

Жауап:

1		2	
Балл:			

3.(Q-4 балл) Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының арасындағы сәйкестікті анықта: бірінші бағанда берілген әрбір құқыққа екінші бағаннан сәйкес келетін жағдайларды таңда. Әрқайсысына бірнеше жауап сәйкес келуі мүмкін.

1) жеке құқықтар мен бостандықтар;	a) азамат прокуратура органына шағыммен жүгінді;
2) саяси құқықтар.	b) азамат партияға мүше болды;
	c) қызметкерлер ерікті түрде медициналық тексеруден өтті;
	d) айыпталушы аудармашының көмегін пайдаланды;
	e) азамат ақшасын банкке пайызбен салым ретінде салды;
	f) сотталған адам кешірім жасау туралы өтініш жазды.

Жауап:

1	2
Балл:	

4.(Q-4 балл) Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының арасындағы сәйкестікті анықта: бірінші бағанда келтірілген әрбір құқыққа сәйкес келетін екінші бағандағы жағдайларды таңда. Әрқайсысына бірнеше жауап сәйкес келуі мүмкін.

1) жеке құқықтарымыз бен бостандықтарымыз;	a) мен мүлік салығын үш күн ішінде төлеу туралы ескерту хатын алдым;
2) Конституциялық міндетіміз.	b) мен тергеу барысында үнсіз қалу құқығымды пайдаландым;
	c) қарындасым еңбек демалысында емделу үшін ауруханаға жатты;
	d) мен ар-ождан бостандығына иемін;
	e) анам Ичан-қала мұражайына барған кезде ондағы заттарға ұқыптылықпен қарады.

Жауап:

1	2
Балл:	

5.(Q-4 балл) Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының арасындағы сәйкестікті анықта: бірінші бағанда берілген әрбір құқыққа екінші бағаннан сәйкес келетін жағдайларды таңда. Әрқайсысына бірнеше жауап сәйкес келуі мүмкін.

1) экономикалық, әлеуметтік, мәдени және экологиялық құқықтарымыз;	а) биыл мен зейнеткерлікке шығамын; b) халық үшін тегін медициналық тексерулер ұйымдастырылды; с) әскери қызметті өтеуге аттанып бара жатырмын; d)кәсіподақ ұйымдастырған жиналысқа барлық қызметкерлер қатысты;
2) конституциялық міндетіміз.	e) мен сотта адвокаттың қорғауын пайдаландым; f) махалла тұрғындары қоқысты белгіленген орынға тастайды.

Жауап:

1	2
Балл:	

5-сұрақтар базасы

1. (B-4 балл) Неке ұғымына дұрыс берілген анықтаманы тап.

- 1)еркек пен әйелдің ортақ шаруашылықта бірге тұруы
- 2)еркек пен әйелдің азаматтық хал актілерін жазу органдарында жасалатын, өзара құрмет, махаббат және сенімге негізделген ерікті келісімі
- 3)неке екі жастың он сегіз жасқа толуымен өз келісімі және тең құқықтылығы негізінде азаматтық хал актілерін жазу органдарында жасалатын одағы
- 4)еркек пен әйелдің өзара туыстық байланыстарын орнату үшін жасалған мәмілесі

Жауап: _____

2. (B-4 балл) Некеге тұратын тұлғаларды медициналық тексеруден өткізудің мақсатын анықта.

- 1)салауатты отбасын қалыптастыру үшін жағдай жасау, қан аздыққа байланысты және мүмкіндігі шектеулі балалардың тууының алдын алу
- 2)некеге тұрушылардың психикалық жағдайына қатысты мәліметтерді, сондай-ақ жастайынан қандай аурумен ауырғанын анықтау
- 3)салауатты отбасын қалыптастыру үшін жағдай жасау, тұқым қуалаушылыққа байланысты және туа біткен аурулары бар балалардың тууының алдын алу
- 4)некеге тұрушылардың денсаулығына қатысты мәліметтерді және әлеуметтік жағдайын анықтау

Жауап: _____

3.(В-4 балл) Некеге тұрушыларға медициналық тексеруден өту үшін жолдама беретін органды анықта.

- 1)Денсаулық сақтау министрлігі
- 2)аудандық денсаулық сақтау бөлімдері
- 3)Мемлекеттік қызметтер агенттігі
- 4)FHDY органы

Жауап: _____

4. (В- 4 балл) Төмендегілердің ішінен некені қиюдың негізгі шарттарының бірі ретінде дұрыс көрсетілген жауапты анықта.

- 1) неке еркек пен әйелдің ерікті келісімі негізінде қиылуы
- 2) неке ата-ананың келісімі негізінде қиылуы
- 3) неке Азаматтық хал актілерін жазу органдарына өтініш берген күннен бастап қиылуы
- 4) неке еркек пен әйелдің діни рәсімдерінен кейін қиылуы

Жауап: _____

5.(В-4 балл) Некені қиюға кедергі келтіретін жағдайлар қате берілген жауапты анықта.

- 1)кемінде біреуі тіркелген басқа некеде тұрса
- 2)кемінде біреуі бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін сотталған болса
- 3)кемінде біреуі психикалық бұзылуына байланысты сот тарапынан әрекетке қабілетсіз деп танылған болса
- 4)тікелей туыстық шежіре бойынша туыстар арасында, туған және өгей аға-інілер мен апа-сіңлілер арасында, асырап алынғандар болса

Жауап: _____

6-сұрақтар базасы

1. (Q-4 балл) Төмендегі жағдайда отбасындағы қай құқықтар мен міндеттер бұзылып отыр?

Дилшат пен Мохира некеге тұрған. Мохира жұмыс істейтіндіктен үй шаруаларын жалғыз өзі атқарып үлгермей жүр. Дилшат болса, отбасын тек ер адам қамтамасыз етуі керек, ал әйел бала тәрбиесімен айналысуы тиіс деп есептеп, Мохираға жұмыс істеуге тыйым салмақшы. Мохира бұған келіспейді.	a) ердің отбасы басшысы болу құқығы; b) әйелдің еңбек қызметімен айналысу құқығы; c) ердің материалдық қамтамасыз ету міндеті; d)әйелдің үй шаруасын атқару міндеті; e) ерлі-зайыптылардың отбасындағы қатынастарды өзара көмек негізінде құру міндеті.
---	---

Жауап:									
Балл:									

2. (Q-4 балл) Төмендегі жағдайдың дұрыс шешімін таңда.

<p>Ерлі-зайыптылар арасында ұзақ уақыт бойы келіспеушіліктер бар, ер адам балалары мен жұбайынан бөлек тұрып жатыр. Татуластыру шаралары оң нәтиже бермеген. Аталған іс қазір сотта қаралуда.</p>	<p>a) егер сот ерлі-зайыптылардың бұдан әрі бірге тұруына және отбасын сақтауға мүмкіндік жоқ деп тапса, оларды ажыратады; b) сот балалардың бар екенін ескеріп, татуласу үшін бір жыл мерзім береді; c) сот ерлі-зайыптыларға татуласу үшін алты ай мерзім белгілеп, олардың әрқайсысының тұрғылықты жеріндегі аудан әкімдігі жанындағы татуластыру комиссиясын тиісті шаралар қабылдау үшін хабардар етеді; d) сот істі қарауды кейінге қалдырып, ерлі-зайыптыларға татуласу үшін алты айға дейін мерзім тағайындайды.</p>
---	---

Жауап:									
Балл:									

3. (Q-4 балл) Төмендегі жағдайға сәйкес жауаптарды таңда.

<p>Ерлі-зайыптылар Азамат пен Дилноза бес жыл некеде болған. Қазіргі уақытта олар FHDY органы арқылы ажырасу рәсімінен өтуде.</p>	<p>a) әйел ажырасуға келіссе және кәмелетке толмаған балалары болмаса, FHDY органында ажыратылады; b) егер ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған балалары болмаса, FHDY органында ажыратылады; c) егер ерлі-зайыптылар арасында мүліктік және жеке мүліктік емес даулар болмаса және он алты жасқа дейінгі балалары болмаса, FHDY органында ажыратылады; d) ерлі-зайыптылар ажырасуға өзара келіссе және мүліктік дау болмаса, неке FHDY органында бұзылады.</p>
---	---

Жауап:									
Балл:									

4. (Q-4 балл) Төмендегі жағдайда некені қиюға кедергі келтіретін мән-жайларды таңда.

<p>Шахриёр мен Нилуфар некеге тұру мақсатында FHDY органына өтініш берген. Өтінішті қарау барысында некеге кедергі келтіретін жағдайлар анықталған.</p>	<p>a) Шахриёр бұрын заңды некеде болған және ол әлі ресми түрде бұзылмаған; b) Шахриёр мен Нилуфар арасында діни рәсім бойынша неке қиылған; c) Нилуфар ауыр науқас; d) Шахриёр мен Нилуфар өгей аға-қарындас; e) Шахриёрдің 8 айлық баласы бар.</p>
---	--

Жауап:														
Балл:														

5. (Q-4 балл) Төмендегі жағдайға сәйкес жауаптарды таңда.

<p>Ерлі-зайыптылар Азамат пен Нодира сотта ажырасу процесінен өтуде. Олардың бес жастағы ұлы және екі жастағы қызы бар. Сот өз өкілеттігі шеңберінде осы іс бойынша бірқатар мәселелерді шешті.</p>	<p>a) ерлі-зайыптылар арасындағы жеке материалдық мәселелерді; b) кәмелетке толмаған балалардың кіммен бірге тұратынын; c) балаларға ата-ананың алимент төлеуі және мүліктік мәселелерді; d) той өткізуге кеткен шығындарды; e) жақын туыстардың некенің бұзылуын қабылдауын.</p>
---	---

Жауап:														
Балл:														

7-сұрақтар базасы

1. (В-4 балл) Төмендегі анықтаманы оқы, әңгіме не туралы болып жатқанын анықта.

«Адамның белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыратын және оның меншігінде болуы мүмкін барлық материалдық игіліктер».

- a) ресурстар
- b) қызметтер
- c) зат
- d) меншік

Жауап: _____

2.(В-4 балл) Төмендегі анықтаманы оқы, әңгіме не туралы болып жатқанын анықта.

«Қандай да бір тұлғаға меншік құқығы негізінде тиесілі болатын заттар».

- a) ресурстар
- b) мүлік
- c) материалдық игіліктер
- d) байлық

Жауап: _____

3. (В-4 балл) Азаматтар арасында қарыз шарты, егер қарыз сомасы базалық есептік мөлшердің неше есесінен асса, жай жазбаша түрде жасалуы қажет екенін анықта.

- a) базалық есептік мөлшердің 10 есесінен
- b) базалық есептік мөлшердің 5 есесінен
- c) базалық есептік мөлшердің 3 есесінен
- d) базалық есептік мөлшердің 7 есесінен

Жауап: _____

4. (В-4 балл) Төмендегі анықтамаға сәйкес келетін меншік түрін анықта:

«Жергілікті мемлекеттік органдардың мүлкі, өздерінің жергілікті бюджет қаражаттары, тұрғын үйлер, сондай-ақ мектеп, балабақша, театр, кітапхана, аурухана, емхана да осы түрге жатады».

- a) мемлекеттік меншік
- b) жеке меншік
- c) муниципалдық меншік
- d) ортақ меншік

Жауап:

5. (В-4 балл) Төмендегі көп нүктенің орнына сәйкес келетін шарт түрін тап:
«...қоғамдық пайдалы мақсаттарда азаматтарға, емдеу, тәрбиелеу, әлеуметтік қорғау мекемелеріне, мәдениет мекемелеріне, қоғамдық бірлестіктер мен діни ұйымдарға, сондай-ақ мемлекетке және азаматтық құқықтың басқа да субъектілеріне жасалады және оны қабылдау үшін ешкімнің рұқсаты немесе келісімі талап етілмейді».

- a) несие
- b) қайырымдылық
- c) сыйға тарту
- d) мұра

Жауап: _____

8-сұрақтар базасы

1.(Q-4-балл) Жағдайда берілген азаматтық-құқықтық қатынастарды талда және оларды топтарға бөл. Әрқайсысына бірнеше жауап дұрыс келуі мүмкін. М. өнерге қызығады және өзінің суретшілік жұмыстарын дайындап, жергілікті галереяға көрсетпек болды. М. өз еңбектерін сату арқылы ақша табуды жоспарлады. Галерея басшысы М.-ның ұсынысын қабылдады. М. көрмеден едәуір ақша жинап алды.

А) Субъектісі;

Ә) Объектісі.

1) М. есімді тұлға; 2) ақша; 3) сатып алу процесі; 4) өз туындысымен қатысу; 5) галерея басшысы; 6) ата-ана; 7) суретшілік туындылар; 8) ақша табуды жоспарлау.

Жауап:

А		Ә	
Балл:			

2. (Q-4 балл) Жағдайда берілген азаматтық-құқықтық қатынастарды талдаңыз және оларды топтарға бөліңіз. Әрқайсысына бірнеше жауап дұрыс келуі мүмкін.

Жасур жеке пайдалану үшін компьютер сатып алу мақсатында “TechnoPlus” дүкенімен шарт жасасты. Шартқа сәйкес, дүкен Жасурға белгіленген мерзімде және толық жиынтықта компьютер жеткізіп беруі, сондай-ақ кепілдік талоны мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықты ұсынуы тиіс еді. Ал Жасур компьютер үшін төлемді екі кезеңде – алдын ала төлем және тауарды қабылдап алғаннан кейін соңғы төлемді жүзеге асыруға міндеттенді.

А) Субъектісі;

Ә) Объектісі.

1) Жасур – сатып алушы; 2) компьютер; 3) Жасурдың тауар сапасын тексеру құқығы; 4) дүкеннің компьютерді белгіленген мерзімде, толық жиынтықта тапсыру міндеті; 5) ақша; 6) дүкеннің белгіленген төлемді талап ету құқығы; 7) “TechnoPlus” дүкені.

Жауап:

А		Ә	
Балл:			

3. (Q- 4-балл) Жағдайда берілген азаматтық-құқықтық қатынастарды талда және оларды топтарға бөл. Әрқайсысына бірнеше жауап дұрыс келуі мүмкін. Сардор онлайн дүкеннен ұялы телефон сатып алды. Телефонды қолына алған соң, ол құрылғының экраны жұмыс істемейтінін байқады. Сардор дереу дүкенмен байланысып, телефонды ауыстырып беруді немесе ақшасын қайтаруды талап етті. Онлайн дүкеннің сатушысы Сардордың талабын қабылдамады.

А) Сатып алушының құқығы; Ә) Сатушының міндеті.

- 1) келтірілген залалды өтеп беруді талап ету; 2) телефон сатып алу;
- 3) келтірілген залалды өтеу; 4) сатып алушының құқықтарын шектеу;
- 5) телефонды ауыстырып беру немесе ақшаны қайтару; 6) сатушы мен өнімді әлеуметтік желілерде жамандау; 7) сатып алушының шағымын қабылдамау.

Жауап:

А	Ә
Балл:	

4. (Q-4 балл) Самандар шағын бизнес ретінде спорт жабдықтарын сата бастады. Ол клиенттерге барлық өнімдерін «100% сапалы және 3 жыл кепілдігі бар» деп жарнамалады. Бір клиент сатып алған велотренажер 1 жыл өткен соң істен шықты. Самандар клиентке «Сіз дұрыс пайдаланбағансыз, кепілдік мерзімі өтіп кетті» деп жөндеуден бас тартты. Самандардың заңдық міндеттерін (А) және сатып алушының субъективтік құқықтарын (Ә) топтарға бөл. Әрқайсысына бірнеше жауап дұрыс келуі мүмкін.

- 1) «100% сапалы және 3 жыл кепілдігі бар» жарнамасы;
- 2) сапалы өнімдерді сатып алушыларға жеткізіп беру;
- 3) велотренажерді жөндеуді немесе ауыстыруды талап ету;
- 4) велотренажерді ұқыптылықпен пайдалану;
- 5) велотренажерді жөндеп беру немесе ауыстыру;
- 6) сапалы велотренажер сатып алу.

Жауап:

А	Ә
Балл:	

5. (Q-4 балл) Жағдайда берілген азаматтық-құқықтық қатынастарды талда және оларды топтарға бөл. Әрқайсысына бірнеше жауап дұрыс келуі мүмкін. Нилуфар ескі ноутбугын Санжарға сатты. Олар шартты жазбаша түрде жасамай, тек ауызша келісті. Бірнеше апта өткен соң, Санжар ноутбуктың бұзылғанын анықтап, оны басқаға ауыстырып беруді талап етті. Нилуфар ноутбукты қайтарып алудан бас тартты.

А) Субъект; Ә) Санжардың субъективтік құқығы.

1) Нилуфар; 2) ноутбук сатып алу; 3) Санжар; 4) сапалы тауарды беру; 5) ноутбук; 6) қайтарып алу немесе ауыстыруды талап ету.

Жауап:

А		Ә	
Балл:			

9-сұрақтар базасы

1.(B- 4 балл) Төмендегі анықтаманы оқы, әңгіме не туралы екенін анықта.

“_____ бейбітшілік пен ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында халықаралық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттар, әдет-ғұрып нормалары және жалпыға танылған қағидаттар жиынтығы”.

- 1) халықаралық қауымдастық
- 2) халықаралық құқық
- 3) халықаралық рәсім
- 4) халықаралық ереже

Жауап: _____

2. (B-4 балл) Төмендегі анықтаманы оқы, әңгіме не туралы екенін анықта.

“_____ – әлемде бар мемлекеттер мен сол мемлекеттерде тұратын адамдардың адамзат алдында тұрған жаһандық мәселелерді бірлесіп шешуде, ортақ мақсат жолында әрекет ету бірлігін білдіретін ұғым. Ол барлық мемлекеттердің егемен теңдігі, аумақтарының қол сұғылмаушылығы сияқты халықаралық құқық қағидаттарына негізделеді. Есінде болсын, бұл халықаралық ұйым емес.”

- 1) халықаралық қауымдастық
- 2) халықаралық келісім
- 3) халықаралық рәсім
- 4) халықаралық әдет

Жауап: _____

3.(В-4 балл) Төмендегі анықтаманы оқы, әңгіме не туралы екенін анықта. “Онда әлем картасы және оны қоршап тұрған екі зәйтүн бұтағы бейнеленген. Зәйтүн бұтағы – бейбітшіліктің белгісі. Ал әлем картасы ұйымның дүниежүзінде бейбітшілік орнату жолында екенін білдіреді.”

- 1)ТМД елтаңбасы
- 2)ЮНИСЕФ белгісі
- 3)ЮНЕСКО логотипі
- 4)БҰҰ туы

Жауап: _____

4. (В-4 балл) Бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес, бала қай санаттағы құқықтар негізінде өз пікірін еркін білдіруге, ар-ождан және дін бостандығына, сондай-ақ қауымдастық құру және бейбіт жиналыс құқықтарын пайдалануға құқылы?

- 1)өмір сүру құқығы
- 2)қатысу құқығы
- 3)өсіп-даму құқығы
- 4)қорғау құқығы

Жауап: _____

5. (В-4 балл) Төмендегі анықтаманы оқы, әңгіме не туралы екенін анықта. “ _____ – ол Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік Кеңесі сайлайтын 15 мүшеден тұрады және тұрақты қызмет атқарады.”

- 1)БҰҰ Қамқоршылық кеңесі
- 2)БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесі
- 3)БҰҰ Халықаралық соты
- 4)БҰҰ Хатшылығы

Жауап: _____

10-сұрақтар базасы

1. (Q- 4 балл) Екі мемлекет су ресурстарын бірлесіп пайдалану туралы келісім жасады. Келісімге сәйкес, судан пайдалану нормалары қатаң белгіленген еді. Алайда тараптардың бірі келісім шарттарына қарсы етіп судан біржақты көбірек пайдалана бастады және бұл басқа мемлекеттің экономикасына зиян келтірді. Бұл жағдайда қандай халықаралық құқықтық қағидаттар бұзылған? (2 жауапты таңда)

- 1)мемлекеттердің аумақтық тұтастығы қағидасы
- 2)мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық қағидасы
- 3)халықаралық шарттарға адалдық қағидасы
- 4)күш көрсету арқылы қорқытуға жол бермеу қағидасы

Жауап:									
Балл:									

2. (Q-4 балл) Екі көрші мемлекет арасында қарулы қақтығыс туып, аймақтық және халықаралық бейбітшілікке ауыр қауіп төндірді. Қақтығыстың басқа мемлекеттердің қауіпсіздігіне де теріс әсері болғандықтан, БҰҰ даулы жағдайды шешу және бейбітшілікті қалпына келтіру бойынша шаралар қолдана бастады. БҰҰ-ның қай органдары бұл міндетті орындайды? (2 жауапты таңдаңыз)

- 1) Қауіпсіздік Кеңесі
- 2) Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес
- 3) Қамқоршылық Кеңесі
- 4) Халықаралық сот

Жауап:									
Балл:									

3. (Q-4 балл) Бір мемлекет халықаралық экологиялық конвенцияға қосылған болса да, онда белгіленген міндеттемелерді жүйелі түрде орындамай отыр. Нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиян трансшекаралық сипат алды және басқа мемлекеттердің мүдделеріне де әсер етті. Осы себепті БҰҰ аталған мемлекетке қатысты халықаралық құқықтық ықпал механизмдерін қолдану мәселесін қарастырады. Бұл жағдайда БҰҰ қолдана алатын шараларды анықта. (2 жауапты таңда)

- 1) мемлекетпен ресми келіссөздер жүргізу және міндеттемелерді орындауға шақыратын резолюциялар қабылдау
- 2) Қауіпсіздік Кеңесінің шешімі негізінде экономикалық немесе саяси шектеулер (санкциялар) енгізу
- 3) БҰҰ органдары аталған мемлекеттің ішкі экологиялық заңнамасын тікелей өзгерту
- 4) экологиялық міндеттемелер бұзылғаны үшін осы мемлекеттің азаматтарының негізгі құқықтары мен бостандықтарын уақытша шектеу

Жауап:									
Балл:									

4. (Q-4 балл) Екі мемлекет арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы халықаралық келісім жасалды. Келісім күшіне енгеніне қарамастан, тараптардың бірі онда көзделген міндеттемелерді орындамады. Нәтижесінде тараптар арасында келіспеушілік туып, дауды халықаралық құқық шеңберінде шешу мәселесі пайда болды. Бұл дауды шешу үшін қандай құқықтық механизмдер қолданылуы мүмкін? (2 жауапты таңда)

- 1) тараптар арасында дипломатиялық келіссөздер және консультациялар өткізу
- 2) тараптар арасында келісімге жету үшін міндетті медиация механизмін қолдану
- 3) даудың бір тарапының ұлттық сот органдары арқылы қаралуы
- 4) мемлекеттер арасындағы келісім негізінде халықаралық арбитраж механизмін қолдану

Жауап:									
Балл:									

5. (Q-4 балл) А. мемлекет көрші мемлекетке тікелей әскери шабуыл ұйымдастырды. Бұл әрекет аймақтық тұрақтылыққа ауыр қауіп төндірді және басқа мемлекеттердің қауіпсіздігіне теріс әсер етті. Осы себепті халықаралық қоғамдастық БҰҰ аясында бірлесіп шара қолдануға шешім қабылдады. Нәтижесінде А. мемлекетіне экономикалық және саяси санкциялар енгізілді және ол халықаралық қоғамдастық тарапынан оқшауланды. Бұл жағдайда А. мемлекетіне санкциялар қандай халықаралық құқықтық қағидаттар негізінде қолданылды? (2 жауапты таңда)

- 1) халықаралық шарттардың міндеттілігі қағидасы
- 2) күш қолданбау қағидасы
- 3) дипломатиялық қорғалу
- 4) бірлескен қауіпсіздік ережесі

Жауап:									
Балл:									

11-сұрақтар базасы

1. (Q-4 балл) Еңбек құқығы бойынша **дұрыс** берілген ақпаратты анықта:

- 1) еңбек жағдайларын қамтамасыз ету дегенде жұмыс беруші мен қызметкерлер үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысты қатынастар түсініледі
- 2) негізгі заңда Еңбек министрлігі азаматтардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, оларды жұмыссыздықтан қорғау және кедейлікті азайту шараларын қолдануы белгіленген

3) қызметкердің құқықтық жағдайының нашарлауына жол бермеу еңбекке қатысты құқықтық қатынастардың негізгі принциптерінің бірі болып табылады

4) егер адам жұмыссыз қалса, мемлекет оған тұрақты қаржылық көмек көрсетеді

Жауап:									
Балл:									

2. (Q-4 балл) Еңбек құқығы бойынша **дұрыс емес** берілген ақпаратты анықта:

1) мемлекет жұмыссыз азаматтарға бірқатар кепілдіктер белгілейді

2) мемлекет ең төменгі жалақыны белгілейді, жұмыс берушілер өз қызметкерлеріне осы сомадан төмен жалақы бере алады

3) жұмыссыздыққа төлем мөлшері әртүрлі болуы мүмкін

4) кәсіптік дағдылар орталығы азаматтарды белгіленген төлем негізінде кәсіпке үйретуге және жұмысқа орналастыруға көмектеседі

Жауап:									
Балл:									

3. (Q-4 балл) Қандай жағдайда еңбек шарты жарамсыз деп танылуы мүмкін екенін анықта?

1) қызметкердің жағдайын заңнамаға қарсы нашарлатса

2) кемінде екі нұсқада жасалған болса

3) қызметкерді уақытша басқа жұмысқа ауыстыру көзделсе

4) міндетті еңбек белгіленсе

Жауап:									
Балл:									

4. (Q-4 балл) 15–16 жасар қызметкерге қатысты еңбек заңнамасындағы дұрыс ақпаратты анықта:

1) жұмысқа орналасқанда мұғалімінің ұсынымы талап етіледі

2) жұмыс уақыты аптасына 36 сағаттан аспауы керек

3) арба және вагонеткалар арқылы жүкті тасуға рұқсат етілмейді

4) жұмыс уақыты аптасына 24 сағаттан аспауы керек

5) жұмыс уақыты аптасына 40 сағаттан аспауы керек

Жауап:									
Балл:									

5. (Q-4 балл) Жыл сайынғы еңбек демалысы туралы дұрыс ақпаратты анықта:
- 1) заңнамаға сәйкес қолайсыз табиғи-климаттық жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге жыл сайынғы негізгі ұзартылған демалыс беріледі
 - 2) қызметкерге бір ұйымда немесе саланың ішінде жұмыс істеген әр бес жыл үшін ұзақтығы екі күн болатын жыл сайынғы қосымша демалыс беріледі
 - 3) барлық қызметкерлер, оның ішінде ауыспалы негізде жұмыс істейтіндер де жыл сайынғы еңбек демалысына шығу құқығына ие
 - 4) жыл сайынғы еңбек демалысы жыл сайынғы негізгі ең аз немесе жыл сайынғы негізгі ұзартылған түрлерге бөлінеді

Жауап:									
Балл:									

12-сұрақтар базасы

1. (Q-4 балл) «Zarafshon tekstil» кәсіпорнында тігінші болып жұмыс істейтін Д. есімді қызметкерге жұмыс беруші тапсырыстардың көбейгенін негіз етіп, оның келісімінсіз демалыс күні 6 сағат жұмыс істеу міндетін жүктеді. Қосымша жұмыс үшін бөлек ақы төленбейтіні айтылды. Д. бұл жағдайға қарсылық білдірді. Жағдайды құқықтық тұрғыдан талдап, дұрыс қорытындыларды анықта:

- 1) қызметкерді демалыс күні жұмысқа тарту тек оның келісімімен немесе заңда белгіленген ерекше жағдайларда ғана мүмкін
- 2) жұмыс беруші өндірістік қажеттілікке байланысты қызметкерді кез келген уақытта келісімінсіз жұмысқа тарта алады
- 3) демалыс күнгі жұмыс үшін кемінде бір жарым есе ақы немесе қосымша демалыс күні берілуі тиіс
- 4) қосымша жұмыс үшін ақы төленбеуі еңбек заңнамасына қайшы
- 5) қызметкердің қарсылығы еңбек тәртібін бұзу болып есептеледі

Жауап:									
Балл:									

2. (Q-4 балл) «Baraka Plast» өндірістік кәсіпорнында оператор болып жұмыс істейтін К. есімді қызметкерге жұмыс беруші өндірістік жоспарды орындау сылтауымен кешкі ауысымда қосымша жұмыс істеуді, бірақ қосымша ақы төленбейтінін хабарлады. К. еңбек шартында жұмыс уақыты нақты белгіленгенін айтып, бұл талапқа келіспеді.

Жағдайды құқықтық тұрғыдан талдап, К.-мен жасалған еңбек шартындағы заңды деп есептелетін тармақтарды анықта.

- 1) еңбек шартында К.-ның еңбек қызметін жүзеге асыратын орны (кәсіпорын және бөлім) көрсетілген
- 2) еңбек шартында жұмыс берушіге К.-ны кез келген уақытта және ақы төлемей қосымша жұмысқа тарту құқығы берілген

- 3)еңбек шартында К.-ның жұмыс уақыты мен демалыс уақыты нақты белгіленген
- 4)еңбек шартында К.-ның сенбілікке және кейбір уақытта мәжбүрлі абаттандыру жұмыстарына тартылуы көрсетілген
- 5)еңбек шартында К.-ның кәсіпорын мүддесі үшін уақытша басқа жұмыстарды орындауы мүмкін екені, бұл жұмыстар лауазымына жақын болса, қосымша ақы төленбейтіні белгіленген

Жауап:									
Балл:									

3. (Q-4 балл) есімді тұлға еңбек шарты негізінде «Yangi hayot» фирмасында инженер лауазымында жұмысын бастайды. Бірнеше ай өткен соң жұмыс беруші жалақысын алдын ала ескертпей азайтты. З. мұны заңсыз деп санап, еңбек шартына сәйкес төлемді талап етті.

З.-мен жасалған еңбек шартының қай тармақтары заңсыз екенін анықта.

- 1)еңбек шартында З.-ның белгілі бір кәсіп, мамандық бойынша жұмыс істеуі көрсетілген
- 2)еңбек шартында жұмыс беруші кез келген уақытта З.-ның жалақысын өзгерте алатыны көрсетілген
- 3)еңбек шартында З.-ның жұмысқа кірісу күні көрсетілген
- 4)еңбек шартында З.-ның еңбегіне ақы төлеу шарттары белгіленген
- 5)еңбек шартында жұмыс берушінің нұсқауы бойынша З.-ның ақысыз жұмыс істеу міндеті көрсетілген

Жауап:									
Балл:									

4. (Q-4 балл) И. есімді жүкті әйел «Nurlı kelajak» өндірістік кәсіпорнында жұмыс істейді. Жұмыс беруші өндірістік жоспарды орындау қажеттігін негіз етіп, оны түнгі ауысымға тартқысы келді. И. еңбек заңнамасында жүкті әйелдер үшін ерекше кепілдіктер бар екенін айтып, бұл талапқа қарсылық білдірді. Жағдайға құқықтық баға беріп, жүкті әйелдерге қатысты еңбек заңнамасында белгіленген заңды кепілдіктерді анықта.

- 1)жүкті әйелдерді түнгі және артық жұмысқа тартуға тыйым салынады
- 2)өндірістік қажеттілік болса, жүкті әйелді оның жазбаша келісімімен түнгі ауысымға тартуға болады
- 3)жүкті әйел медициналық қорытынды негізінде жеңіл жұмысқа ауыстырылып, орташа жалақысы сақталады
- 4)жүкті әйел жұмыс берушінің бастамасымен ешбір жағдайда жұмыстан босатылмайды

5)жүкті әйел кәсіпорын мүддесі үшін уақытша қосымша жұмыстарды орындай алады, егер бұл оның денсаулығына зиян келтірмесе

Жауап:									
Балл:									

5. (Q-4 балл) 16 жастағы К. есімді қызметкер «Shirin don» кәсіпорнына жұмысқа қабылданды. Жұмыс беруші өндірістік жоспарды уақытында орындау үшін барлық қызметкерлерге қосымша жұмыс жүктемесін белгіледі. Бұл тізімде кәмелетке толмаған К. да болды. Ол бұған наразылық білдірді. Жағдайға құқықтық баға беріп, кәмелетке толмаған қызметкерлерге қатысты еңбек заңнамасында белгіленген кепілдіктерді анықта:

- 1)кәмелетке толмаған қызметкер жұмыс берушінің бастамасымен ешбір жағдайда жұмыстан босатылмайды
- 2)өндірістік қажеттілік болса, кәмелетке толмаған қызметкерді оның жазбаша келісімімен түнгі ауысымға тартуға болады
- 3)кәмелетке толмаған қызметкерге жеңіл жұмыс беру және жалақы мөлшерін сақтау кепілдендіріледі
- 4)кәмелетке толмаған қызметкерлерді түнгі және артық жұмысқа тартуға тыйым салынады
- 5)кәмелетке толмаған қызметкер кәсіпорын мүддесі үшін уақытша басқа жұмыстарды орындай алады, егер бұл оның денсаулығына зиян келтірмесе, қосымша ақы төленбеуі мүмкін

Жауап:									
Балл:									

13-сұрақтар базасы

1. (В-4 балл) Төмендегі анықтама қай ұғымға қатысты?

“— бұл мемлекеттік органдар мен азаматтар немесе ұйымдар арасында туындайтын қатынастар болып, олар әкімшілік құқық нормалары негізінде реттеледі”.

- 1) Конституциялық-құқықтық қатынастар
- 2) әкімшілік-құқықтық қатынастар
- 3) азаматтық-құқықтық қатынастар
- 4) мемлекеттік басқару қағидаттары

Жауап: _____

2. (В-4 балл) Төмендегілердің қайсысы әкімшілік құқықпен реттелетін қатынастарға жатпайды?

- 1) автокөлікті мемлекеттік тіркеуден өткізу
- 2) кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеуден өткізу
- 3) мұраны бөлу жөніндегі азаматтар арасындағы келісім
- 4) тұлғалардың мемлекеттік органдарға жүгінуі

Жауап: _____

3. (В-4 балл) Бірыңғай интерактивті мемлекеттік қызметтер порталын (my.gov.uz) құрудағы негізгі мақсатты анықта:

- 1) мемлекеттік органдардағы ішкі құжат айналымын жеделдету
- 2) мемлекеттік қызметтерді тек жеке жүгіну арқылы алуды ынталандыру
- 3) мемлекеттік органдардағы қызметкерлер санын қысқарту
- 4) мемлекеттік қызметтерді тез әрі ыңғайлы пайдалану

Жауап: _____

4. (В-4 балл) Құқықтық тәртіпті сақтау, құқықбұзушылықтарды анықтау, жою, сондай-ақ олардың себептері мен жағдайларын зерделеуге бағытталған іс-шаралар жүйесі қалай аталады?

- 1) құқықбұзушылықтардың профилактикасы
- 2) криминалистикалық сараптама
- 3) құқықтық тәрбие
- 4) құқықтық шара

Жауап: _____

5. (В-4 балл) Құқықбұзушылықтардың профилактикасын тікелей жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің негізгі міндетін анықта:

- 1) азаматтардың қоғамдық өмірдегі белсенділігін ынталандыру
- 2) тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету
- 3) құқықбұзушылық жасаған тұлғаларға заңда белгіленген жаза шараларын қолдану
- 4) қоғамдағы әлеуметтік-саяси және экономикалық қызметті бақылау

Жауап: _____

14-сұрақтар базасы

1. (Q-4 балл) Төмендегі әрекеттерді қарап шығып, олардың қайсысы **әкімшілік** құқықбұзушылық екенін анықта:

1. Кәсіпкер орталық көшеге рұқсатсыз жарнама орналастырды. 2. Азамат мектеп маңында рұқсатсыз сауда жасады. 3. Лауазымды тұлға танысынан жұмысқа орналастыру үшін ақша алды. 4. Жүргізуші қызыл шамға тоқтамай өтіп кетті. 5. Жаңа көлік алған тұлға орталық көшеде жылдамдықты асырды. 6. Көлікті жоғары жылдамдықпен айдап келе жатқан тұлға адамды қағып кетіп, оған көмектеспестен оқиға орнынан қашып кетті.

Жауап:									
Балл:									

2. (Q-4 балл) Төмендегі әрекеттерді қарап шығып, олардың қайсысы **әкімшілік** құқықбұзушылық екенін анықта:

1. Оқушы сыныптасынан қалам сұрап алып, қайтаруды ұмытып кетті. 2. Тәрбиеші балаларды қоғамдық орында бақылаусыз қалдырды. 3. Азамат базарда шу шығарды. 4. Студент қоғамдық көлікте тәртіпсіз әрекет жасады. 5. Студент сабаққа кешігіп келді. 6. Жүргізуші жүк көлігіне белгіленген салмақтан артық жүк артты.

Жауап:									
Балл:									

3. (Q-4 балл) Төмендегі әрекеттерді қарап шығып, олардың қайсысы **әкімшілік** құқықбұзушылық екенін анықта:

1. Жүргізуші тыйым салынған жарық құралдарын пайдаланды. 2. Азамат шарт талаптарын орындамады. 3. Азамат қоғамдық көлікте бөгде адамдарға дөрекілік танытып, әдейі жанжал шығарды. 4. Қарттарға арналған орынға жас азамат отырып, оларға орын бермеді. 5. Азамат қоғамдық орында спирттік ішімдік ішті. 6. Құрылысшы қала құрылысы нормаларын бұзып, құрылыс жұмыстарын жүргізді.

Жауап:									
Балл:									

4. (Q-4 балл) Төмендегі әрекеттерді қарап шығып, олардың қайсысы **әкімшілік** құқықбұзушылық екенін анықта:

1. Жүргізуші жол қозғалысы ережелерін бұзып, жаяу жүргіншілер өткелінде тоқтамады. 2. Аудан әкімі жер бөлу мақсатында азаматтан ақша алды. 3. Азамат азық-түлік дүкені аумағында тәртіпсіздік жасады. 4. 10-сынып оқушысы қоғамдық көлікті пайдалану ережелерін сақтамады. 5. Студент түнгі уақытта махалла аумағында қатты дауыспен ән айтты. 6. Азамат көршісінің үйіне түнгі уақытта қарақшылық шабуыл жасады.

Жауап:									
Балл:									

5. (Q-4 балл) Төмендегі әрекеттерді қарап шығып, олардың қайсысы әкімшілік құқықбұзушылық екенін анықта:

1. Студент автобуспен жүру үшін әдейі билет алмады.
2. Азамат жаппай іс-шараларда белгіленген тәртіпті бұзды.
3. Азамат мемлекеттік орган қызметкерінің заңды талабын орындамады.
4. Оқушы абайсызда сыныптасының дәптерін жыртып қойды.
5. 11-сынып оқушысы қоғамдық орында ұсақ бұзақылық жасады.
6. Қызметкер әріптесінің қымбат телефонын ұрлады.

Жауап:									
Балл:									

15-сұрақтар базасы

1. (Q-4 балл) Төмендегі жіктеулерден қылмыс пен әкімшілік құқықбұзушылыққа тиесілісін анықтап, сәйкестендір.

А) Қылмыс; Ә) Әкімшілік құқықбұзушылық.

1. Мұнда жазалар салыстырмалы түрде ауыр болады, жаза негізінен сот арқылы тағайындалады.
2. Сабаққа кешігу немесе жұмысқа кешігіп келу сияқты құқықбұзушылықтар жасалады.
3. Жаза тек сот арқылы ғана емес, ішкі істер органдары немесе басқа да уәкілетті органдар арқылы беріледі.
4. Негізінен шарт талаптарын орындамау, тұлғаларға материалдық және моральдық зиян келтіру түрінде жүзеге асады.

Жауап:

А	Ә
Балл:	

2. (Q-4 балл) Төменде қылмыстық процесс принциптеріне қатысты бірқатар қағидалар берілген. Осы қағидаларды тиісті принциптеріне қарай ажырат.

А) Кінәсіздік презумпциясы; Ә) Жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу.

1. Қылмыстық істі жүргізуге жауапты барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар қылмыстық процеске қатысушы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға міндетті.
2. Анықтаушы, тергеуші, прокурор және сот қылмыстың жасалғанын, оны кім жасағанын, сондай-ақ соған қатысты барлық мән-жайларды анықтауға міндетті.

3.Тұлға қылмыс жасауда кінәлі екендігі заңда көзделген тәртіппен дәлелденіп, заңды күшіне енген сот үкімімен анықталғанға дейін кінәсіз деп есептеледі.

4.Ешкім азаптауға, зорлық-зомбылыққа, қатыгез немесе адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын өзге де қысым түрлеріне ұшыратылмауы тиіс.

Жауап:

А	Ә
Балл:	

3.(Q-4 балл) Төменде қылмыстық жаза түрлеріне қатысты бірқатар қағидалар берілген. Осы қағидаларды тиісті жаза түріне қарай ажырат.

А) Бас бостандығынан айыру; Ә) Өмір бойына бас бостандығынан айыру.

1. Ерекше жаза шарасы болып табылады, сотталғанды арнайы тәртіптегі жазаны өтеу колониясына орналастыру арқылы қоғамнан мерзімсіз оқшаулау.
2. Сот арқылы сотталған адамға тұрғын үйін қандай да бір себеппен тастап кетуге толық тыйым салу.
3. Сотталғанды қоғамнан оқшаулап, жазаны өтеу колониясына немесе түрмеге орналастыру.
4. Жиырма жылдан артық, бірақ жиырма бес жылдан көп емес мерзімге белгіленеді және тек жауапкершілікті ауырлататын жағдайларда қасақана кісі өлтіру мен терроризм үшін тағайындалуы мүмкін.

Жауап:

А	Ә
Балл:	

4.(Q-4 балл) Төменде қылмыстық жаза түрлеріне қатысты бірқатар қағидалар берілген. Осы қағидаларды тиісті жаза түріне қарай ажырат.

А) Ахлақ түзеу жұмыстары; Ә) Міндетті қоғамдық жұмыстар.

1. Сотталғанды ақы төленбейтін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауға міндетті түрде тарту.
2. Бір айдан үш жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.
3. Жүз алпыс сағаттан төрт жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады.
4. Тұлғаның жалақысының он пайызынан отыз пайызына дейінгі мөлшерін мемлекет кірісіне ұстап қалу арқылы оны еңбекке мәжбүрлі түрде тарту.

Жауап:

А	Ә
Балл:	

5.(Q-4 балл) Төменде қылмыс түрлеріне қатысты бірқатар қағидалар берілген. Осы қағидаларды тиісті қылмыс түріне қарай ажырат.

**А) Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар;
Ә) Өзбекстан Республикасына қарсы қылмыстар.**

1. Діни экстремистік, сепаратистік, фундаменталистік немесе өзге де тыйым салынған ұйымдарды құру, оларға басшылық ету немесе қатысу.
2. Мемлекеттік органдардың қызметіне немесе қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақтылығына не экономикаға зиян келтіру мақсатында адамдарды қырып-жоюға, олардың денсаулығына зиян келтіруге, мүлікке залал келтіруге немесе оны жоюға бағытталған әрекеттер.
3. Атыс қаруын, оқ-дәрілерді, атыс қаруының негізгі бөліктерін, жарылғыш заттарды, жару құралдарын немесе жару құрылғыларын заңсыз айналымға жіберу.
4. Бұл халыққа қорқыныш ұялату немесе мемлекеттік саясатқа ықпал ету мақсатында жарылыс, атыс немесе өзге де зорлық-зомбылық әрекеттерін жасау.

Жауап:

А	Ә
Балл:	

16-сұрақтар базасы

1.(Q- 4 балл) Түнгі уақытта азамат А. көшеде пышақпен дене жарақатын келтіру қылмысы жасалған жерге жақын маңда ұсталды. Жәбірленуші жедел жәрдем арқылы ауруханаға жеткізілді. Куәлардың бірі азамат А.-ны қылмыскерге ұқсас тұлға ретінде көрсетті. А.-ға жеке тінту жүргізілген кезде қалтасынан қан дақтары бар орамал дәлел ретінде алынды. Сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжат сұралғанда, оның үйде екенін айтты. Жағдайды талдап, Өзбекстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі талаптарына сәйкес азамат А.-ны ұстау қай негіздер бойынша заңды болып есептелетінін анықта.

- 1) тұлға қылмыс үстінде немесе оны жасағаннан кейін бірден ұсталған болса
- 2) қылмыс куәлары, соның ішінде жәбірленушілер оны қылмыс жасаған тұлға ретінде тікелей көрсетсе
- 3) кінәсін мойындап, тергеу органдарына өз еркімен келсе
- 4) оның өзінде немесе киімінде, жанында не үйінде қылмыстың айқын іздері табылса
- 5) тұлғаны қылмыс жасады деп күдіктенуге негіз болатын мәліметтер болып, ол қашуға әрекет етсе немесе тұрақты тұратын жері жоқ не жеке басы анықталмаған болса

Жауап:									
Балл:									

2.(Q-4 балл) Ауданаралық азаматтық сот судьясы мұрагерлік іс бойынша талапкердің пайдасына шешіп беруге уәде етті. Ол талапкерден 2 мың АҚШ долларын алып жатқан кезде құқық қорғау органдары тарапынан ұсталды. Ақша заттай дәлел ретінде алынды.

Жағдайды талдап, Өзбекстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі талаптарына сәйкес судьяны ұстау қай негіздер бойынша заңды болып есептелетінін анықта.

- 1) тұлға қылмыс үстінде немесе оны жасағаннан кейін бірден ұсталған болса
- 2) қылмыс куәлары, соның ішінде жәбірленушілер оны қылмыс жасаған тұлға ретінде тікелей көрсетсе
- 3) кінәсін мойындап, тергеу органдарына өз еркімен келсе
- 4) оның өзінде немесе киімінде, жанында не үйінде қылмыстың айқын іздері табылса
- 5) тұлғаны қылмыс жасады деп күдіктенуге негіз болатын мәліметтер болып, ол қашуға әрекет етсе немесе тұрақты тұратын жері жоқ не жеке басы анықталмаған болса

Жауап :									
Балл:									

3.(Q-4 балл) 2025 жылғы 12 наурыз күні сағат 18:45 шамасында Ташкент қаласының Юнусобод ауданындағы «Baraka Market» дүкенінде ұрлық жасалды. Осы қылмыс бойынша 35 жастағы басқа ұлт өкілі ішкі істер бөліміне жеткізілді. Ол анықтаушы тарапынан күдікті ретінде жауапқа тартылды. Аталған жауап алу барысында қылмыстық-процестік заңнамада белгіленген жауап алу тәртібінің кезектілігіндегі қателіктерді анықта.

- 1) күдіктінің жеке басы анықталып, іс бойынша өзіне белгілі мән-жайлар туралы еркін баяндап беруді ұсынды
- 2) күдіктінің қай тілде жауап бере алатынын анықтап, құқықтары мен міндеттерін түсіндірді
- 3) күдіктіге іс мән-жайлары бойынша еркін баяндауға мүмкіндік беріліп, содан кейін қосымша сұрақтар қойылды
- 4) күдіктінің жеке басы анықталғаннан кейін оған құқықтары мен міндеттері түсіндірілді
- 5) күдіктінің құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, іс мән-жайлары туралы еркін баяндап беру ұсынылды

Жауап:									
Балл:									

4. Q-4 балл) 2026 жылғы 6 қаңтар күні сағат 17:45 шамасында жұмыстан қайтып келе жатқан азамат Т.-ні белгісіз тұлға соққыға жығып, оқиға орнынан жасырынды. Бұл жағдайды көрген азамат Б. дереу 102 нөміріне қоңырау шалып, қылмыс туралы хабарлады. Азамат Б. анықтаушы тарапынан куә ретінде сұрақ қойылды. Аталған жауап алу барысында қылмыстық-процестік заңнамада белгіленген жауап алу тәртібінің кезектілігі бойынша дұрыс жауаптарды анықта.

- 1) куәнің жеке басы анықталып, оған құқықтары мен міндеттері түсіндірілді
- 2) куәға құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, содан кейін өзіне белгілі мән-жайлар туралы еркін баяндап беру ұсынылды
- 3) куәнің қай тілде жауап бере алатыны анықталып, құқықтары мен міндеттері түсіндірілді
- 4) куәнің құқықтары мен міндеттері түсіндірілгеннен кейін жеке басы анықталды
- 5) куәнің жеке басы анықталғаннан кейін оған белгілі мән-жайлар туралы еркін баяндап беру ұсынылды

Жауап:									
Балл:									

5.(Q-4 балл) «Имкон Қурилиш Бошқармасы» мекемесінде жоба жетекшісі Б.М. жұмыс барысында мердігерден жобаны тезірек рәсімдеу үшін пара алып жатқан кезінде құқық қорғау органдары тарапынан ұсталды. Жағдайды талда. Тергеушінің қылмыс құрамын анықтаудағы қателіктерін көрсет.

- 1) қылмыстың объектісі – тиісті ұйымның беделі, қалыпты қызметі, азаматтардың құқықтары мен мүдделері
- 2) субъективтік жағынан – өз-өзіне сену арқылы жасалған
- 3) объективтік жағынан – лауазымды тұлғаның өз қызметтік өкілеттігін пайдаланып, азаматтардың құқықтарына немесе заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруінде көрініс табуы
- 4) қылмыстың субъектісі – 18 жасқа толған, есі дұрыс адам
- 5) субъективтік жағынан – тікелей қасақаналықпен жасалған
- 6) объективтік жағынан – лауазымды тұлғаның өз қызметтік жағдайын пайдалана отырып, белгілі бір іс-әрекетті орындағаны үшін материалдық құндылықтар алуында көрініс табуы

Жауап:									
Балл:									

17-savollar bazasi

1. (B-4 балл) Табиғатты қорғаудың негізгі мақсаттарының бірін тап:

- 1) қала және ауыл аумақтарын заманауи құрылыс және инфрақұрылым жобаларымен дамыту
- 2) табиғи ресурстарды экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында кең көлемде игеру
- 3) материалдық және мәдени мұраға жататын табиғат объектілерін сақтау
- 4) өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін табиғатты барынша пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту

Жауап: _____

2. (B-4 балл) Жер учаскесіне құқықты мемлекеттік тіркеу қандай тәртіппен жүзеге асырылады?

- 1) мемлекеттік кадастр органдарына жазбаша өтініш беріп, барлық құжаттарды қағаз түрінде жеке тапсыру арқылы;
- 2) нотариаттық органдар жерге құқықты растайтын құжаттарды рәсімдегеннен кейін автоматты түрде тіркеу арқылы;
- 3) аудан (қала) әкімінің шешімі негізінде жер учаскесіне құқықты тікелей реестрге енгізу арқылы;
- 4) Бірыңғай интерактивті мемлекеттік қызметтер порталына электрондық түрде өтініш беру арқылы.

Жауап: _____

3. (В-4 балл) Биологиялық әртүрлілік дегеніміз не?

- 1) жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктерді мемлекеттік тіркеуге алып, оларды қорғау;
- 2) жер бетінде бар барлық тірі ағзалар: өсімдіктер, жануарлар, саңырауқұлақтар және микроағзалар, сондай-ақ олардың тіршілік ету ортасы мен экожүйелердегі алуан түрлі нысандарының жиынтығы;
- 3) қоршаған ортаны қорғауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық нормалар жүйесі;
- 4) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы экожүйені жақсарту шаралары.

Жауап: _____

4. (В-4 балл) Төмендегілердің қайсысы Өзбекстан Республикасы Конституциясы бойынша азаматтардың міндеті болып табылады?

- 1) «Азаматтар қоршаған табиғи ортаға ұқыпты қарауға міндетті»
- 2) «Әркім қолайлы қоршаған ортаға және оның жай-күйі туралы сенімді ақпарат алуға құқылы»
- 3) «Азаматтар қала құрылысы құжаттарының жобаларын заңда белгіленген тәртіппен қоғамдық талқылауға қатыса алады»
- 4) «Еліміздің баға жетпес табиғи байлықтарын көбейтуге және оларды қазіргі әрі келешек ұрпақ үшін сақтауға, қоршаған ортаның тазалығын қорғауға берік уәде етіледі»

Жауап: _____

5. (В-4 балл) Қай заңға сәйкес заңды және жеке тұлғалар қоршаған табиғи ортаға, адам денсаулығына, адамдардың мүлкіне, халық шаруашылығына зиян келтіріп отырған экологиялық тұрғыдан зиянды қызметті тоқтату туралы сотқа жүгінуге құқылы?

- 1) «Өзбекстан Республикасының экология туралы» заңы
- 2) «Табиғатты қорғау туралы» заңы
- 3) «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» заңы
- 4) «Биологиялық әртүрлілік туралы» заңы

Жауап: _____

19-сұрақтар базасы

1. (Q-10 ball) Өзбекстан Республикасының Конституциясының «Мемлекеттік тәуелсіздік» және «Халық билігі» бөлімдерінен 5 бапты Конституцияға сүйене отырып жаз.

Мемлекеттік тәуелсіздік	Халық билігі
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	

2. (Q-10 ball) Өзбекстан Республикасының «Азаматтардың экономикалық, әлеуметтік, мәдени, экологиялық құқықтары» және «Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары» бөлімдерінен 5 бапты Конституция нормаларына сүйене отырып жаз.

Экономикалық, әлеуметтік, мәдени, экологиялық құқықтар	Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	

3. (Q-10 ball) Өзбекстан Республикасының Конституциясының «Құрылымды азаматтық қоғам институттары» және «Отбасы, балалар мен жастар» бөлімдерінен 5 бапты Конституцияға сүйене отырып жаз.

Азаматтық қоғам институттары	Отбасы, балалар мен жастар
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	

4. (Q-10 ball) Өзбекстан Республикасының Президенті мен Олий Мажлисiнiң өкiлеттiктерiнен 5 бапты Конституция нормаларына сүйене отырып жаз.

Өзбекстан Республикасының Президентiнiң өкiлеттiктерi	Республикасының Олий Мажлисiнiң бiрлескен өкiлеттiктерi
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	

